

жобаларды және қызметтің түрлі салаларындағы құжаттарды рәсімдеуде тосқауылдар мен. бюрократтық кідірістерді іс жүзінде болдырмауға мүмкіндік берді. Түрлі қызмет салаларында салық салудың дифференциялық тәсілі экономикадағы ең қажет салаларды дамытуды ынталандыруға мүмкіндік береді. [13]

Әлемдік қауымдастықтағы Қазақстанның жағымды инвестициялық имиджін қалыптастыру – KAZNEX INVEST-тің Қазақстанды инвестиция салуға қолайлы ел ретінде таныстыруға бағытталған негізгі қызметтерінің бірі.

KAZNEX INVEST шетелдік инвесторлар үшін Ұлттық инвестициялық интерактивті интернет-ресурсты қолдауды, арнаулы баспа басылымдарын шығарып таратуды, Қазақстанның жағымды инвестициялық имиджін жылжыту бойынша шетелдік және қазақстандық БАҚ-пен жоспарлы жұмысты жүргізеді, сонымен қатар, агенттіктің іс-шаралары мен қызметі туралы Қазақстан қоғамын құлағдар ету үшін баспасөз-мәслихаттарын өткізеді.

Инвестиция тартуда жетістіктерге жеткен елдердің жинаған тәжірибелеріне сүйене отырып, бірқатар ұсыныстар айтуға болады:

- инвесторларды арнайы қолдау қызметін құру, елге келіп қойғандары үшін (aftercare services), бұл оларға өз жобаларын іске асыру барысында туындаған проблемаларды (салық салу, еңбек нарығындағы реттеу және т.б.) шешуге көмектесе алар еді, және мемлекеттік органдармен өзара әрекет жасау нәтижесінде туындайтын тартысты мәселелерді шешуге көмек беретін еді, ал бұл, елдің инвестициялар үшін тартымдылығын жоғарылата алады;

- инвесторлар үшін мемлекеттік гранттарды ұсыну (жұмыс күшін жалдауға, ҒЗТҚЖ, оқыту және т.б.) секілді ынталандырулар елге таза күйінде басталатын инвестициялардың келуіне ықпал жасай алатын еді, әсіресе тоқырауға ұшыраған өңірлерге;

- инвестициялар салықтық жүктемеге сезімтал болғандықтан, қолда бар инвестициялық преференцияларды ұлғайтуды, сондай-ақ, салық қызметінің шетелдік инвесторларға қарым-қатынастарын жақсарту мүмкіндіктерін қарастыру қажет;

- Келіссөздерді жүргізу, өндіріспен танысу, мәмілелер жасау үшін басқару буынының басшылары мен өкілдері, сондай-ақ көрсетілген елдердің ішінен жоғары технологиялық компаниялардың жоғары білікті мамандар үшін визасыз режим мәселесін пысықтау қажет. Қазақстан Республикасының аумағына визаны көрсетпей өту үшін Инвестиция комитетінің шақыруы негіздеме болып табылады.

- Қазақстанның салыстырмалы түрде шағын мемлекет екендігін назарға ала отырып, алты еркін экономикалық аймақтың болуының мақсатқа сәйкестігін қарастыру қажет. Біріншіден, бұған ұқсас аймақтар қытайлық «фраундтриппинг» секілді нәтиже туғызуы мүмкін, ол жағдайда ішкі инвестициялар шетелге кетеді де, шетелден қайтып АЭА режимінің қарастыратын жеңілдіктеріне ие болу үшін, шетелдік инвестиция ретінде қайта келеді. Екіншіден, АЭА құру саясаты өнеркәсіптік саясатпен және оның басымдықтарымен нақты байланыста болуы қажет. Үшінші, экономикалық қызмет үшін тартымдылығы жоғары жағдайлар тудыру - жалпы экономикалық саясаттың жетекші ұстанымы болуы тиіс, және де АЭА резиденттеріне ғана преференциялық жағдайлар ұсыну елге инвестициялар тартуда табысқа жету үшін жеткіліксіз.

Серік Г.А., Сарина М.К., Тиштыкбаева А.Ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ II ДЕҢГЕЙЛІ БАНКТЕРДІҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕБІ

Қазіргі таңда қаржының жетіспеушілігінен банктер, банктен тыс мекемелерден, шет елдерден қарыз, несие алып өздерінің жұмысын жандандырып жатқан, сондай ақ міндеттемелерін шектен тыс көбейтіп алып, оны қайтаруға мүмкіншілігі болмай жабылып, аукционға салынып, сатылып жатқан субъектілер көптеп кездеседі. Осы айтылғандар

туралы толық түсінік беретін қаржылық есептің ең негізгілерінің бірі болып саналатын тақырыптардың бірі – міндеттемелер есебі. Міндеттемелер есебі қаржы-шаруашылық қызметі бас шоттар кестесінің алтыншы міндеттемелер деп алынатын бөлім шоттарында есептелініп жүргізіледі.

Міндеттемелер дегеніміз- мақсатты шараларды қаржыландыру үшін заңды және жеке тұлғалардан ірі компаниялардан алынған қарыздары осы ұйымның кіріске алып түбінде қайтарып беру жөніндегі алған міндеттемесі.

Міндеттеменің үш сипаттамасы болады:

1. Кредиторлық қарыз белгілі бір оқиға кезінде басқа тұлғаларға талапарды ұсынуды жүзеге асыру уақытында немесе активтерді пайдалану ықтималдығы бар тұлғалар алдындағы қарыздар мен міндеттемелерді көрсетеді.

2. Бұл кредиторлық қарызға шаруашылық бірлігін жауапкершілігінің туындауы мүмкіндігінше келешекте жоғалмайды.

3. Міндеттеменің пайда болуына әсер еткен мәселе бұрын да орын алған.

Егер осы сипаттамалардың біреуі жоқ болса, онда есеп объектісі несиелік қарыз ретінде мойындалмайды. Бірінші сипаттама бірнеше жағдайда пайда болады.

Міндеттемелер сатып алуға жұмсалған нақты шығындар кіріске алынады. Олардың құрамы активтерді сатып алу кезеңдегі нақты шығындардың құрамына ұқсас. Бір жылдан астам мерзімге алынған облигациялар бойынша бастапқы құнның түзетілуі олардың №1150,2040 шоттар бойынша бастапқы құны облигацияларды жабу мезгіліне номиналды бағасына сәйкес келуіне негізделіп жасалады.

Міндеттемелерге ұлттық және шет елдік валюта түріндегі банктер және банктерге жатпайтын тұлғалардан алынған ұзақ және қысқа мерзімді займдар, облигациялар, вексельдер жатады. Олардың барлығы сол уақыттағы ағымдағы бағамен кіріске алынады.

2017 жылы 31 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына "Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" атты Жолдауын ұсынды. Жолдауда бес басымдылық мәселесі қарастырылған. Үшінші басымдық- макроэкономикалық тұрақтылық. Мұндағы басты міндет- ақша-несие саясатының ынталандырушы рөлін қалыпқа келтіру және экономиканы қаржыландыруға жекеменшік капитал тарту. Одан бөлек, келесідей міндеттер берілген:

1) бүгінде Ұлттық банк алдында инфляциялық таргеттеу режимін дамыту жөніндегі маңызды міндет тұр. Орта мерзім ішінде инфляция деңгейін кезең-кезеңмен 3-4%-ға дейін төмендетуге қол жеткізуіміз керек;

2) еліміздің қаржы секторын «қайта жаңғырту» қажет. Банктердің балансын тиімсіз несиелерден арылту жұмысын жеделдетіп, қажет болған жағдайда олардың капиталын акционерлер тарапынан арттыруды қамтамасыз ету керек;

3) қор нарығын одан әрі дамыту; жекешелендіру оның дамуына серпін беруге тиіс. Қор нарығына «Самұрық-Қазына» қоры компанияларының акцияларын орналастыру керек. Халықтың жинаған өз қаражатын ең алдымен түрлі бағалы қағаздарға инвестициялау мүмкіндігін одан әрі арттыру қажет.

Осы алға қойылған міндеттемелерді талдай келе, біз Қазақстан Республикасындағы II деңгейлі банктердің, олардың ішінде «ЦентрКредитБанк», «ЦеснаБанк» және «KaspiBank»-тың 2014 жылдан бастап 2016 жылға дейінгі міндеттемелері туралы қаржылық есеп жүргіздік және сол міндеттемелері бойынша абсолюттік және қатынастық көрсеткіштерін есептедік.

Кесте 1

«ЦеснаБанк» АҚ-ның 2014-2016 жылдар арасындағы міндеттемесі бойынша қаржылық есеп

	31.12.14 ж. (мың тг.)	31.12.15 ж. (мың тг.)	31.12.16 ж. (мың тг.)	Абсолюттік	Қатынас тық
МІНДЕТТЕМЕ					
Мемлекеттік компаниялардан алынған несиелер	23 526	32 364	36 078	3 714	111
Шоттары мен депозиттері банктердің және басқа да қаржы институттары	62 876	213 933	156 940	-56 993	73
Қаржы құралдары, әділ құны бойынша бағаланатын, өзгерістері пайданың немесе шығынның құрамындағы	-	16 289	15 186	-1 103	93
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	1 010 450	1 347 960	1 545 110	197 150	115
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	46 784	44 803	35 181	-9622	79
Реттелген борыш	55 843	56 370	56 940	570	101
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	3 900	8 889	4 380	-4 509	49
Басқа да міндеттемелер	4 358	6 203	5 298	-905	85
Міндеттемелердің жиынтығы	1 207 737	1 726 811	1 855 113	128 302	107

1 кестеде жалпы міндеттемелердің жиынтығы 2015 жылы 1 726 811 мың теңгені құраса 2016 жылы 1 855 113 мың теңгені құраған. Осы жылдың көрсеткіштерін ала отырып, біз абсолюттік (яғни, соңғы жылдан бастапқы жылды алдық) және қатынастық (соңғы жылдың көрсеткішін бастапқы жылдың көрсеткішіне бөлдік) динамикалық қатарларын таптық. 2016 жылы 2015 жылға қарағанда жалпы міндеттемелердің жиынтығы 7 пайызға көбейген. Міндеттеменің көбейгеніне мемлекеттік компаниялардан алынған несиелер, клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері, реттелген борыш факторлары әсер етті.

Кесте 2

«Kaspi Bank» АҚ-ның 2014-2016 жылдар арасындағы міндеттемесі бойынша қаржылық есеп

	2014 ж. (мың тг.)	2015 ж. (мың тг.)	2016 ж. (мың тг.)	Абсолюттік	Қатынас тық
МІНДЕТТЕМЕ					
Банктің қаражаты	45 311	39 844	66 455	26 611	166
Клиенттердің қаражаты	684 786	713 669	745 152	31 483	104
Әділ құны бойынша бағаланатын, өзгерістері пайданың немесе шығынның құрамындағы	1 182	-	8,23	8,23	-
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	67 546	174 556	151 747	-22 809	87
Сақтандыру резервтері	26 602	18 636	8 882	-9 754	48
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	31	30	52	22	173
Реттелген борыш	30 381	90 999	91 626	627	101
Басқа да міндеттемелер	14 781	16 862	13 147	-3 715	78
Міндеттемелердің жиынтығы	870 620	1 054 596	1 077 069	22 473	102

2 кестеде жалпы міндеттемелердің жиынтығы 2015 жылы 1 054 596 мың теңгені құраса 2016 жылы 1 077 069 мың теңгені құраған. Осы жылдың көрсеткіштерін ала отырып, біз абсолюттік (яғни, соңғы жылдан бастапқы жылды алдық) және қатынастық (соңғы жылдың көрсеткішін бастапқы жылдың көрсеткішіне бөлдік) динамикалық қатарларын таптық. 2016 жылы 2015 жылға қарағанда жалпы міндеттемелердің жиынтығы 2 пайызға көбейген. Көбейюіне әсер еткен факторларды қарастырсақ. Олар: клиенттердің қаражаты, кейінге қалдырылған салық міндеттемелері, реттелген борыш болып табылады.

3 кестеде жалпы міндеттемелердің жиынтығы 2015 жылы 1264,52 мың теңгені құраса 2016 жылы 1355,68 мың теңгені құраған. Осы жылдың көрсеткіштерін ала отырып, біз абсолюттік (яғни, соңғы жылдан бастапқы жылды алдық) және қатынастық (соңғы жылдың көрсеткішін бастапқы жылдың көрсеткішіне бөлдік) динамикалық қатарларын таптық. 2016 жылы 2015 жылға қарағанда жалпы міндеттемелердің жиынтығы 7 пайызға көбейген. Міндеттемелердің көбейгені мына факторлардың әсерінен туындады: қаржы ұйымдарының қаражаты және банктердің несиесі, клиенттердің қаражаты, шығарылған борыштық бағалы қағаздар, кейінге қалдырылған салық міндеттемесі, реттелген борыш.

Кесте 3

«БанкЦентрКредит» АҚ-ның 2014-2016 жылдар арасындағы міндеттемесі бойынша қаржылық есеп

	2014 ж. (мың тг.)	2015 ж. (мың тг.)	2016 ж. (мың тг.)	Абсолюттік	Қатынасты қ
МІНДЕТТЕМЕ					
Қаржы ұйымдарының қаражаты және банктердің несиесі	114	107	182	75	170
Клиенттердің және банктердің қаражаты	804	1 054	1 060	6	101
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	30	24	26	2	108
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	2,37	7,52	7,68	0,16	102
Реттелген борыш	54	53	62	9	117
Басқа да міндеттемелер	9	19	18	-1	95
Міндеттемелердің жиынтығы	1013,37	1264,52	1355,68	91,16	107

Берілген сандық мәліметтерді диаграмма түрінде көрсетеміз.



1 сурет 2014-2016 жылдар арасындағы міндеттемелердің жиынтығы

Үш банкті міндеттемелер есебін салыстыра келе, «ЦеснаБанк»-пен «БанкЦентрКредит»-тің жалпы міндеттемелер жиынтығы 2016 жылы бірдей сомаға көбейген. Яғни, 7 пайызға. Ал «KaspiBank»-тың міндеттемелер сомасы 2016 жылы 2015 жылға қарағанда 2 пайызға көбейген. Бұл көрсеткіштер банктер үшін тиімсіз болып табылады. Себебі, әрбір II деңгейлі банктің басты мақсаты мейлінше басқалардың алдындағы міндеттемелер сомасын азайта отырып пайда табу. Ал біз кестелерден көріп отқанымыздай банктердің міндеттемелер сомасы көбейген.

Қорытындылай келе, біз үш банктің міндеттемелерін салыстырып және оларға әсер еткен факторлардың есебінен мына бағыттарды ұсынамыз:

Біріншіден, II деңгейлі банктер сенімсіз клиенттерге несиеге ақша қаражатын бермеу керек.

Екіншіден, барынша бағалы қағаздар шығару керек. Бағалы қағаздарды сату арқылы өз капиталдарын көбейтеді.

Үшіншіден, басқа да міндеттемелерін азайту керек. Реттелген борышты азайту болып табылады.

Әдебиеттер

1. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» 2017 жылғы 31 қаңтар
2. <https://www.tsb.kz/about/main/financial/942>
3. <https://www.bcc.kz/about/finansovye-rezultaty/>
4. http://www.kaspibank.kz/?pg0_5=10&ft=1&type=5
5. <http://stud24.ru/>

**Нурпеисов Б.Г., э.ғ.к., доцент (академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ),
Жумашева А.Б., э.ғ.м., оқытушы (академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)**


Р. КОУЗ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

А.С. Пигу ұсынған экстерналий мәселесін шешу альтернативтік шығын концепциясын пайдаланбайды. Ал факторларды құқықтық құбылыс емес заттық түрде қабылдайды. Әлеуметтік шығын мәселесін сараптау набель сыйлығының лауреаты Р.Коузды келесі қорытынды жасауға алып келді оны Дж Стиглер «Коуз теоремасы» деп атаған. Егер меншіктің құқықтары барлық жағынан анықталған болса, ал трансакциондық шығындар нөлге тең болса, өндірістің құндылығын максималдайтын соңғы нәтиже меншік құқықтарын өзгерту мен бөлуге тәуелді болмайды.

Коуз теоремасы былай дейді; жеке меншіктің құқығына кепілділік берілген жағдайда тараптар мемлекеттің араласуынсыз келісімге келуге мүмкіндіктері бар (мысалы экстерналий компенсациясы). Коуз теоремасы келісім жасаушы аздаған қатысушыларға (2-3)дұрыс.

Дәлел үшін X тауарын өндіруші және жақын маңдағы көрші жер иесі жалға беріп отырған жерлердің атмосферасын ластаушы фабриканы қарастырамыз. Экстренальдық әсер көрініп тұр ластау жалға беру көлемін төмендетеді, фабрика жер иесінің табысына теріс әсер етеді. Фабриканың пайдасы $B^F(x)$, жер иесінің пайдасы $B^R(x)$.

Қоғамдық оптимумға қол жеткізу үшін екі пайдада максимализациялануы керек. Қажетті жағдайлар: $\max B^F(x) + B^R(x)$ мына жағдайда қол жеткізіледі, онда $B^F(x) - B^R(x) = 0$ – фабриканың шекті пайдасы жер иесінің шекті шығынына тең болуы керек.



1 Сурет. Оптималды шешім.

X тауарын өндіру артқаннан бастап фабриканың шекті пайдасы төмендейді. Мысалы, фабрика табысты максимализациялайды.